

## Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 313 қаулысы

«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қарамағындағы мемлекеттік мекемелер қайта ұйымдастырылсын.

2. Осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мемлекеттік мекемелері қайта аталсын.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыны іске асыру бойынша қажетті шаралар қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 шілдедегі № 607 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., 25, 311-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі туралы ережеде:

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің және оның ведомстволарының тізбесінде:

«Төтенше жағдайлар комитеті» деген 4-бөлімде:  
14, 22, 23-тармақтар алып тасталсын;  
24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«24. Ақмола облысы Төтенше жағдайлар департаментінің жедел-құтқару жасағы (Кекшетау қаласы).»;

25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33-тармақтар алып тасталсын;

«34-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

34. Маңғыстау облысы Төтенше жағдайлар департаментінің жедел-құтқару жасағы (Ақтау қаласы).»;

35-тармақ алып тасталсын;

36-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«36. Солтүстік Қазақстан облысы Төтенше жағдайлар департаментінің жедел-құтқару жасағы (Петропавл қаласы).»;

37-тармақ алып тасталсын;

2) «Министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық

органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 339 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың, олардың аумақтық органдарының және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің санын ескере отырып, штат санының лимиттерінде:

«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, оның аумақтық органдарын және оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде : » деген 1 - б ө л і м д е :

42) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«

42)	Республикалық жедел-құтқару жасағы	90
-----	------------------------------------	----

»;

55), 56), 57), 58), 59) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«

55)	Батыс өңірлік аэроұтқыр жедел-құтқару жасағы	73
56)	Орталық өңірлік аэроұтқыр жедел-құтқару жасағы	80
57)	Шығыс өңірлік аэроұтқыр жедел-құтқару жасағы	120
58)	Солтүстік өңірлік аэроұтқыр жедел-құтқару жасағы	80
59)	Оңтүстік өңірлік аэроұтқыр жедел-құтқару жасағы	73

»;

62) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«

62)	Жедел-құтқару жасақтары	827
-----	-------------------------	-----

»;

66) тармақша алып тасталсын.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 5

ж ы л ғ ы

2 5

с ә у і р д е г і

№ 3 1 3 қ а у л ы с ы н а

1-қосымша

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қайта ұйымдастырылатын мемлекеттік мекемелерінің тізбесі**

1. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті Ақтөбе облысының Төтенше жағдайлар департаменті Жедел-құтқару жасағы (Ақтөбе қаласы)» мемлекеттік мекемесіне қосу жолымен «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті Ақтөбе облысының Төтенше жағдайлар департаменті Суда құтқару қызметі (Ақтөбе қаласы)» мемлекеттік мекемесі.

2. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті Батыс өңірлік аэроұтқыр жедел-құтқару жасағы (Атырау қаласы)» мемлекеттік мекемесіне қосу жолымен «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті Атырау облысының Төтенше жағдайлар департаменті Суда құтқару қызметі (Атырау қаласы)» мемлекеттік мекемесі.

3. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті Алматы облысының Төтенше жағдайлар департаменті Жедел-құтқару жасағы (Талдықорған қаласы)» мемлекеттік мекемесіне қосу жолымен «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті Алматы облысының Төтенше жағдайлар департаменті Суда құтқару қызметі (Талдықорған қаласы)» мемлекеттік мекемесі.

4. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті Шығыс өңірлік аэроұтқыр жедел-құтқару жасағы (Өскемен қаласы)» мемлекеттік мекемесіне қосу жолымен «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті Шығыс Қазақстан облысының Төтенше жағдайлар департаменті Суда құтқару қызметі (Өскемен қаласы)» мемлекеттік мекемесі.

5. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті Батыс Қазақстан облысының Төтенше жағдайлар департаменті Жедел-құтқару жасағы (Орал қаласы)» мемлекеттік мекемесіне қосу жолымен «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті Батыс Қазақстан облысының Төтенше жағдайлар департаменті Суда құтқару қызметі (Орал қаласы)» мемлекеттік мекемесі.

6. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті Жамбыл облысының Төтенше жағдайлар департаменті Жедел-құтқару жасағы (Тараз қаласы)» мемлекеттік мекемесіне қосу жолымен «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті Жамбыл облысының Төтенше жағдайлар департаменті Суда құтқару қызметі (Тараз қаласы)» мемлекеттік мекемесі.

7. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті Қарағанды облысының Төтенше жағдайлар департаменті Жедел-құтқару жасағы (Қарағанды қаласы)» мемлекеттік мекемесіне қосу жолымен «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті Қарағанды облысының Төтенше жағдайлар департаменті Суда құтқару қызметі (Қарағанды қаласы)» мемлекеттік мекемесі.

8. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті

Солтүстік өңірлік аэроұтқыр жедел-құтқару жасағы (Қостанай қаласы)» мемлекеттік мекемесіне қосу жолымен «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті Қостанай облысының Төтенше жағдайлар департаменті Суда құтқару қызметі (Қостанай қаласы)» мемлекеттік мекемесі.

9. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті Оңтүстік өңірлік аэроұтқыр жедел-құтқару жасағы (Қызылорда қаласы)» мемлекеттік мекемесіне қосу жолымен «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар департаменті Суда құтқару қызметі (Қызылорда қаласы)» мемлекеттік мекемесі.

10. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті Павлодар облысының Төтенше жағдайлар департаменті Жедел-құтқару жасағы (Павлодар қаласы)» мемлекеттік мекемесіне қосу жолымен «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті Павлодар облысының Төтенше жағдайлар департаменті Суда құтқару қызметі (Павлодар қаласы)», «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті Павлодар облысының Төтенше жағдайлар департаменті Екібастұз қаласының төтенше жағдайлар басқармасы Жедел-құтқару жасағы (Екібастұз қаласы)» мемлекеттік мекемелері.

11. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті Оңтүстік Қазақстан облысының Төтенше жағдайлар департаменті Жедел-құтқару жасағы (Шымкент қаласы)» мемлекеттік мекемесіне қосу жолымен «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті Оңтүстік Қазақстан облысының Төтенше жағдайлар департаменті Суда құтқару қызметі (Шымкент қаласы)» мемлекеттік мекемесі.

12. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті Орталық өңірлік аэроұтқыр жедел-құтқару жасағы (Астана қаласы)» мемлекеттік мекемесіне қосу жолымен «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті Астана қаласының Төтенше жағдайлар департаменті Суда құтқару қызметі (Астана қаласы)» мемлекеттік мекемесі.

13. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті Республикалық жедел-құтқару жасағы (Алматы қаласы)» мемлекеттік мекемесіне қосу жолымен «Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті Алматы қаласының Төтенше жағдайлар департаменті Суда құтқару қызметі (Алматы қаласы)» мемлекеттік мекемесі.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 5

ж ы л ғ ы

2 5

с ә у і р д е г і

№

3 1 3

қ а у л ы с ы н а

2-қосымша

## **Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қайта аталатын мемлекеттік мекемелерінің тізбесі**

1. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті Ақмола облысының Төтенше жағдайлар департаменті Суда құтқару қызметі (Көкшетау қаласы)» мемлекеттік мекемесі «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті Ақмола облысының Төтенше жағдайлар департаменті Жедел-құтқару жасағы (Көкшетау қаласы)» мемлекеттік мекемесіне.

2. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті Маңғыстау облысының Төтенше жағдайлар департаменті Суда құтқару қызметі (Ақтау қаласы)» мемлекеттік мекемесі «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті Маңғыстау облысының Төтенше жағдайлар департаменті Жедел-құтқару жасағы (Ақтау қаласы)» мемлекеттік мекемесіне.

3. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті Солтүстік Қазақстан облысының Төтенше жағдайлар департаменті Суда құтқару қызметі (Петропавл қаласы)» мемлекеттік мекемесі «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті Солтүстік Қазақстан облысының Төтенше жағдайлар департаменті Жедел-құтқару жасағы (Петропавл қаласы)» мемлекеттік мекемесіне.